

## 2023-2024 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 30 қазандағы № 107-2340 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-2) тармақшасына, 62-бабының 4-2, 6-1–тармақтарына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2023-2024 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 23 қаңтардағы № 107-122 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1330 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің  
2023 жылғы "30" қазандағы  
№ 107-2340 қаулысына  
қосымша

## 2023-2024 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы

Астана қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы			
Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарындағы оқушылар саны	Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)		
	Жалпы білім беретін сыныптар	Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті оқыту	
Шаруашылық	Шаруашылық жүргізу	Шаруашылық жүргізу	

Р/с №	Сыныптар	Коммуналдық мемлекеттік мекеме	жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	Коммуналдық мемлекеттік мекеме		құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын		Коммуналдық мемлекеттік мекеме		құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	
				2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.
1.	1-4-сыныптар	18132	71034	429 888	433 249	445 413	449 863	743 964	747 615	759 489	764 229
2.	5-9-сыныптар	19975	80452	589 579	592 941	605 404	609 555	1 063 346	1 066 999	1 078 871	1 083 613
3.	10-11-сыныптар	3223	16043	705 636	708 998	721 161	725 612	1 295 460	1 299 113	1 310 985	1 315 727

### Кестенің жалғасы

Астана қаласының мемлекеттік білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылына арналған орта білімге мемлекеттік білім беру тапсырысы							
Жылына бір оқушыға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)							
Орта білім беру ұйымдардағы түзету сыныптары				Үйде оқыту			
Коммуналдық мемлекеттік мекеме		Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын		Коммуналдық мемлекеттік мекеме		Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын	
2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.
816 299	819 661	831 824	836 275	2 138 142	2 139 884	2 510 516	2 139 884
975 687	979 049	991 212	995 663	2 648 919	2 650 661	2 648 919	2 650 661
1 034 482	1037 843	1 050 007	1 054 457	3 159 237	3 160 979	3 159 237	3 160 979